

ҚҰЛАҚТАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17 үй мекен-жайы бойынша орналасқан «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы («Қоғам») осымен өзінің акционерлерін Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17 (Қоғамның атқарушы органының мекен-жайы), 1201 конференц-зал мекен-жайы бойынша 2013 жылдың 3 қыркүйегінде 10 сағат 30 минутта мынадай күн тәртібімен акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы өткізілетіндігі туралы хабардар етеді:

1. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы.

Акционерлерді тіркеудің басталу уақыты – 9 сағат 30 минут.

Акционерлерді тіркеудің аяқталу уақыты – 10 сағат 15 минут.

Кворум болмаған жағдайда акционердің қайталама кезектен тыс жалпы жиналысы осы күн тәртібімен осы мекен-жай бойынша 2013 жылдың 4 қыркүйегінде 10 сағат 30 минутта болады.

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысына қатысуға құқы бар акционерлердің тізімінің жасалған күні – 2013 жылдың 5 тамызы.

Акционерлер күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдармен 2013 жылдың 22 тамызынан бастап Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17, 12-ші қабат, 1207 кабинет мекен-жайы бойынша Қоғамның ғимаратында жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, сондай-ақ www.kmgep.kz сайтында таныса алады.